

# Ел тұтқасы болар жан еді

**Қазақта «Текіден текті туады, атаның жолын қуады» деген асыл сөз бар. Ел аузында өткен 19 ғасырда өмір сүрген Арыстан ақын айтты деген мынадай аңыз бар, негізі шындық болуы керек. Халқымыздың азат болуы, жеріміздің жатқа бұйырмауы үшін терістіктегі көршіміз орыспен жанкештілік, жүрек жұтқандық пиғылмен қарсы тұра білген Кенесары ханға арналып айтылған сөз болса керек.**

Хан – Кене жаңсы көрсең қарашыңмын, Жек көрсең де өзіңнің алашыңмын. Атаңа алты қатын алып берген Атығай – Қарауылдың баласымын. Шындығында, Қазақтың басын қосқан, терістік – батысында орыс мемлекеті, шығысында Қытай жұртымен үлкен ақыл, мәмілегерлік алып жатқан аумағы кең болғаныменен адам күші, сол заманға сай әскери дайындығы жағынан да ол – қылығын білгендіктен екі алып көршісімен тіл табысып, мемлекетіміз тұтастығын сақтап қалған Абылай бабамыз екені белгілі. Сол кездегі Қазақ жағдайын түсінген ұлттымыздың ұлы ақыны Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың мына пікірі Абылай саясатын түсіндіргені емес пе?!

Алыстан орыс, Қытай ауыр салмақ, Жақыннан тыныштыпайды қалың қалмақ, Артында – ор, алдында көр, жан – жағы жау,

Дағдарған Алаш енді қайда бармақ? Міне, осындай кезеңде сыртқы жаудан еліміздің аман болуын қамтамасыз еткен Абылайдың 12 әйелі болғаны, оның алтауы әр түрлі шет ұлттардан болса, алтауы Арыс жұртының аулы рулары Атығай мен Қарауыл қыздары екен. Арыстан ақынның Кенесарыға (Қалмақ қызынан туған Қасымның баласына)

ескертпеуі болар. Шындығында жоғарыда ақын айтып отырған қазақтың белгілі руларынан ескі заманда да, кейінгі Кеңестік дәуірде де ұлт тарихынан ойып тұрып орын алған талай тұлғалар, қайраткерлер шыққаны көзі қарақты қазақтарға белгілі жайт еді.

Торғай облысын (1970 жылдың қарашасында Д.А.Қонаев өзі қатысып отырып) бастап құрып 2 – 3 жыл ішінде тек Қазақстан емес, одақта өнер кәсібі дамуы жөнінен, әсіресе астық өндіруде алдыңғы орынға шығып, өңір төсіне орден тағып, өзі «Социалистік Еңбек ері» атанған жолы болғаны, Қазақтың талантты да езгу ұлдарының бірі Сақан Құсайынов Талдықорған облысын басқаруға ауыстырылғанда Көкшетауды көгертіп, абыройын асқақтатқан Еркін Нұржанұлы Әуелбеков келгенде Торғайлықтар шын көңілден қуанып, ерлігі мен өрлігі, батылдығы мен біліктілігі, ұлағаттылығы мен ұлтжандылығы елге аян болған азаматты мейірлене қарсы алған еді.

Одақтың басшылық құрамында қазақ халқының даңқты перзенті Қонаевтың болуы, республика билігінде өз ұлтымыздың белгілі азаматтарының жұмыс жасауы, ел облыстарының көпшілігінде Қазақ басшыларының келуі (бір кезде республикадағы 15 облыстың тоғызын орыстар мен басқа ұлттар өкілдері басқарғанын да көргенбіз), әдебиет пен мәдениеттің, экономика мен қатар гүлдене дамуын бастан кешіріп жатқан кезең еді.

Ауданымыздың сол кездегі басшысы Кенес Аманұлы Дубәкіров мәдениет бөлімін басқарып жүрген мені шақырып алып: «Юбилейный» ауданындағы бірден – бір астық шаруашылығы, халқының көбі сырттан келгендер, 27 ұлттың өкілі бар, іс қағаздар негізінен орыс тілінде жүреді, сол жерде сен қызмет атқара алады, – деп шешіп отырмыз, сонда барсаң қалай болады, – деді.

Жарайды, солай шешсеңіздер қарсылық бола ма? – дедім.

Облыстық партия комитетінің бюросында бекүге келдік. Бюро басқарып отырған Еркін Нұржанұлы менің құжат-

тарымды әбден қарап танысқан болар, ұйымдастыру бөлімі басшысы Амангелді Дүйсенбаевтың хабарынан кейін жолдас Алматы комсомол, кәсіподақ кеңес, мәдениет салаларында еңбек еткен екен, аудандық партия комитеті мен біздің бөлімнің ұсынысымен келісейік, жұмысына сәттілік тілейік, – деп маған ешкімге сұрақ қойғызбастан бекітіп жіберді. Кейін екі рет «Юбилейный» кеңшарында болып, жұмысымызбен танысып, атқарылып жатқан шаруаларға қанағаттанғанын білдірді. Мемлекетке өткізіліп жатқан Торғайдың мол астығында Юбилейнылықтардың салмақты үлесі бар екенін көтере айтқанына мәз болғанымыз бар. Кеңшар еңбеккерлері қазақ Қуаныш Қасымов, Мұрат Досеменов шешен азаматтары Эли мен Сайт Қасан Ахмадовтар, орыс Евгений Ключев, неміс Егор Шнайдер, беларус Василий Кошч еңбектері бағаланып үкімет наградаларын алды. Кеңшар басшысы Марат Қасымов, партком басқарған мен де марапаттауға іліктік. Еркін Нұржанұлы келесі бір кезінде танертенгі шайда екеуден – екеу отырып ел тағдырына байланысты осы өңірден шыққан тұлғалар, Ақтөбемен шектесетін Өлкейіт өзені сол маңдағы қарауыл төбелер, Әбілқайырдың қаза болатын «Хан моласы», сондай – ақ еңбегі еленбей келе жатқан Ахметхан Абықайұлы, қазақтың алғашқы әскерилерінің бірі Қоғабай Жоламанов, т.б. осы өңірден шыққан тұлғалар туралы естігендерімді айтқаныма ризашылығын білдіріп, «мүмкін болса жазу керек қой» деп кеңес берді. Ерекеннің сол кеңесінен кейін газет – журналдарға аңда – саңда жазып тұратыным бар еді. Ойға қалып жинастыра бастадым. 2005 жылы «Торғай бекінісіне 160 жыл деген кітапшам алғаш шықты, 2017 жылы «Көргенім, естігенім, оқығаным, жадымда қалғандар» аталған екінші кітапшам өмірге келді. Қазір де республикалық облыстық, қалалық, аудандық деңгейдегі басшыларда мақала, эссе, очеріктерім шығып жатыр. Бұл да болса аузы дуалы Ераған қозғау салғаннан кейінгі тіршілік еді.

Бізде облыс басқарған кезінде

«Ақкісі» атты қоныста (Амангелді ауданы аумағында) жыл сайын өңір табыстарын қорытындылайтын мерейлі жиын өтіп тұратын.

Сырттан қарағанда Ерекен өте сұсты көрінетін. Бірақ өте езгу, мейірімді жан екенін жұрт білетін. Қай ұлттың болмасын өкілдеріне қамқорлығын аямайтын. Кейін Торғай облысында әкім болған Ерекен тәрбиесін көрген Виталий Брынкинның ұстазы туралы ілтипатты әңгімесін өз құлағыммен естіп едім. Ал ауасын жұтып, игілігін көріп отырса да ел мен жерге көңілі жібимейтін облыста өзінен кейінгі лауазымда жүрген Голубенко, Коротенко, Зарицкий сияқтылар Ерекен бар жерде астамшылық мінездерін көрсете алмайтынын байқайтынбыз. Қазақ халқының меймандостық, кеңпейіл мінезін өздеріңше түсініп, Арқалықтың сауда орындарына орналасып алып, тайрандап жүрген тау халықтары өкілдерін сол кездегі түсінік бойынша ұлтшылдық деп бағалануы мүмкін саясаттан қорықпай аз күнде қаладан аластағанын да естігенбіз. Ерекеннің Сыр елінде жұмыс істеген кезіндегі өзіне ғана тән деңдарлық қалпын курорт – сонаторийларда демалған кезде танысқан Сәрсенбаев, Абибуллаев сынды азаматтардың үлкен ілтипатпен айтқан сөздерін естіп отырып Көкшені көгертіп, Торғайды түлетуге күш салған ардагер ағамыздың абыройына тәнті бол, марқайғанбыз. Арал апатының зардабына күйзеле отырып, қалпына келтіру жолында тер төккенін де білеміз. Одақ ыдырамай тұрған Жоғарғы Кеңес депутаты ретінде қырқысып жатқан азербайжан-армян шиеленісіне бітім айту қазақ халқының өкілі - Ерекен тегіннен - тегін жүктелмеуі де ол тұлғаның одақтық деңгейдегі қайраткер екендігінің күәсі. Халқымыз тарихында келешек ұрпақ мақтан ететін бірегей тұлғалардың бірі - Еркін Нұржанұлы екендігіне шүба болмауы тиіс.

Орекен АЛМАТ,  
зейнеткер,  
«Жангелдин ауданының  
құрметті азаматы»

# Заманымыздың ұлы суреткері

Қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық суретшісі, Қазақ ССР-нің өнеріне еңбегі сіңген қайраткер **Әбілхан ҚАСТЕЕВКЕ - 115 жыл (1904-1973)**

XXI ғасырда, техниканың дамыған заманында жастар үшін іздесе таптырмайтын өнер тағылымы Әбілхан ағамыздың дүниелерінен тау самалындай есіп тұрады. Бұған Ә.Қастеевтің көрмеге ұсынған екі жүздей еңбектеріне берілген көрермендер пікірін айтса да жеткілікті. Бір Мәскеудің өзінде жиырма бес рет көрме ұйымдастырған екен. Оның ішінде үш рет Ә.Қастеев шығармашылық еңбегі дербес көрмеде орын алады. Ә.Қастеев шығармашылық еңбектері шетел халықтары мұражайларында да молынан дәріптелініп, әлем жұртшылығына оның есімі танымал болды. Қытай Халық Республикасында екі мәрте (1950, 1960); Ауғанстан және Цейлонда (1960), Чехословакияда (1958); Канада да (1957); Бельгия, Мексика, Швеция (1969); Арменияда (1963, 1968); Батыс Берлинде (1972); т.б. елдер халқы Әбілхан аға еңбегіне тәнті болған.

Әбілхан Қастеев республикамыздың қоғамдық және мәдени өміріне белсене араласқан. Ол Қазақстан Суретшілер Одағын құрушылардың бірі болған, және ұзақ жылдар бойы Қазақстанның Суретшілер одағын басқарған. Бейнелеу өнерін дамытуға қосқан зор еңбегі үшін «Октябрь революциясы» орденімен, екі рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен наградталған. 1944 жылы оған «Қазақ ССР халық суретшісі» атағы берілген. «Қазақстан жерінде» шығармалар сериясы үшін оған 1966 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілген.

Қазақ көркемсуретінің тұңғышы – Әбілхан Қастеев өнері – біздің рухани мәдениетіміздің сарқылмас бұлағы, өшпес әуені, мәңгі өнегесі!

Ұлы суреткердің Тоғай еліне, Торғай жеріне келіп, Батыр бағамыздың туған жеріне, жүріп



тарихта қалатын Батыр портретін көз көргендер айтуымен бейнелеп шығару ұмытылмас еңбек, тарихи оқиға! Сол Аманкелді портреті қаламыздағы Тарихи өлкетану мұражайында көрмеде тұр. Аманкелді Батыр бейнесін жасаудағы Әбілхан Қастеевтің ізденісі талай жас өнерпаздарға үлгі боларлық еңбек. Аманкелді бейнесін 1939 жылы бастап, көп ізденістен кейін 1944 жылы аяқтағанда, Батыр бейнесінің бағасын халқы берген екен. Ә.Қастеев «Аманкелді Батыр» портретімен 1950 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық көркемсурет көрмесіне қатысып ең жоғарғы баға алған.

Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің шығармаларын таныстыру мақсатында, өнерінен нәр алсын деген мақсатта өнер сүйер қауымға арнап Өнер бөлімшесінде «Қыпқаламын дала жүрегіне айналдырған» тақырыбында үлкен кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесі үш бөлімнен құрылған. Бірінші: «Заманымыздың ұлы суреткері» бөліміне Әбілхан Қастеевтің өмір жолы, балалық шағы, туған, өскен жері жайлы әдебиеттер қойылды. Бірінші бөлімнің дәйек сөзіне: кәсіби суретші Әбілхан Қастеевтің «Мен сурет салуды таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, аламның

рендім» деген дана сөзі алынды.

Екінші «Сыршыл қалам сырлары» бөліміне суретшінің еңбектері: «Мектепке бару» (1930), «Тігу үстінде», «Автопортрет» (1931), «Сүндетке отырғыз», «Қазақ портреті», «Кенесарының портреті» (1935), «Бие сауу» (1936), «Кііз үйдің ішкі көрінісі» (1939), «Аманкелді сарбаздары», «Жас Абай» (1945), «Аманкелді Имановтың портреті» (1950), «Түрксіб»

(1969), т.б. қыл қалам шеберінің еңбектері жарияланған әдебиеттер орналасқан. Дәйек сөзіне әлемге әйгілі американдық суретші Роквэл Кенттің «Қастеев шығармаларын көріп, кең байтақ Қазақстанды аралағандай боламын» - деген сөзі алынды.

Үшінші «Өрнекті өнері – өлмес өмірі» бөліміне суретшінің еңбектері жайлы жазылған ой-пікірлер, шәкірттері жазған естеліктер, басылым беттеріне жарияланған деректі әңгімелер, арнау-әлеңдер қойылды. Үшінші бөлімнің дәйек сөзіне өнертанушы С. Ниязбаеваның «Қастеевтің рухани дүниесі – қазақ өнерінің өмір тіршілігінің тынысы. Оның суреттерінің басты кейіпкерлері – қазақтар» - деген тәрбиелі сөзі алынды.

Еліміздің мәдениеті мен өнері жолында ұрпаққа өнеге болардай із тастап кеткен тұңғаларымызды уақытында жастарға насихаттап отыру мақсатымыз, міндетіміз деп, және санаулы ғұмырларында рухани нәр алсын деген бағытта барша оқырман қауымды «Өнер» бөлімшесіне кітап көрмесімен танысуға шақырамыз!

Әлия ҚАРСАҚБАЙҚЫЗЫ,  
№2 ОӘҒК  
«Өнер» бөлімінің